

Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы



Дайындаған: Қ.Аида
Г.Исакова

Шымкент 2025

Жүргізуші 1:

Қайырлы күн, құрметті ұстаздар мен оқушылар!

Бүгін біз қазақ халқының ұлы тұлғасы, ағартушы, ғалым, ақын, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының өнегелі өмірі мен еңбектеріне арналған іс-шараға жиналды.

Жүргізуші 2:

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, алғашқы әліпби мен оқулықтың авторы.

Бүгінгі шарада біз ұлт ұстазының өмірі мен еңбектері туралы айтып, оның мұрасына арналған кітап көрмесімен танысамыз.

2. Өмірбаяны туралы бөлім

(Экранда Ахмет Байтұрсынұлының суреттері көрсетіледі)

Оқушы 1:

Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы Қостанай облысында дүниеге келген.

Ол қазақ халқының көзін ашып, білім мен ғылымға жетелеуді мақсат еткен ұлы ағартушы.

Оқушы 2:

Ол – қазақ тілінің емлесін түзеп, «Тіл құрал», «Әліпби» атты кітаптарын жазған.

Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері қазақ тілін ғылым дәрежесіне көтерді.

3. Кітап көрмесі мен оқу сәті

Жүргізуші 1:

Бүгінгі шарада біз Ахмет Байтұрсынұлының еңбектеріне арналған кіші кітап көрмесін тамашалаймыз.

(Оқушылар кітаптарды ұстап, қысқаша таныстырады.)

Оқушы 3:

Мына кітап – «Тіл құрал». Бұл ең алғашқы қазақ тілінің грамматикасы.

Оқушы 4:

Ал бұл – «Қырық мысал» жинағы. Онда Ахмет атамыз қоғамдағы әділетсіздікті, адамгершілік мәселелерін көтерген.

Оқушы 5:

Біз ұлт ұстазының еңбектерінен үзінділер оқимыз.

(Оқушылар 2–3 минут бойы қысқа үзінділер оқиды.)

4. Шығармашылық сәт

Жүргізуші 2:

Ахмет атамыздың өнегелі өмірі мен еңбегі бізге үлгі.

Қазір оқушыларымыз оның сөздерінен шабыт алып жазған шағын өлеңдері мен эсселерін оқиды.

(2-3 оқушы өз шығармасын оқиды.)

Жүргізуші 1:

Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттың рухани темірқазығы.

Оның еңбектері әр қазақ баласының жүрегінде сақталуы тиіс.

Жүргізуші 2:

Бүгінгі іс-шарамыз – ұстаз рухына тағзым, кітапқа құрмет, білімге шақыру.

Барлығы бірге:

«Тіл – ұлттың жаны, ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы!»

Анықтама

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты №136 жалпы орта білім беретін мектебінде 02.09-12.09 күн аралығындағы тілдер онкүндігі аясында қазақ және орыс тілі пән бірлестіктерінің ұйымдастыруымен “Ұлт ұстазы-Ахмет Байтұрсынұлы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Көрмеде: өмірбаяндық анықтамалар, көркем әдебиет және ағартушы туралы әдебиеттер, мерзімді басылымдарға жарияланған материалдар қойылды. Тіл білімінің негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына арналған «Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы» атты іс-шара өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен еңбектерін насихаттау, оқушыларды кітап оқуға, туған тілді құрметтеуге және ұлт зиялыларының еңбегін бағалауға тәрбиелеу болды.

Шара барысында оқушылар ұлт ұстазының өмірбаяны мен шығармашылығымен танысып, оның еңбектерінен үзінділер оқыды. Кіші кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқушылар Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл құрал», «Қырық мысал» сияқты еңбектерімен танысты. Сонымен қатар, оқушылардың өз шығармалары мен ойтолғаулары оқылды.





